








Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:	Ана тілі			
Бөлім:	Дыбыс және әріп			
Педагогтің аты-жөні:	Турсынбаева Ж.Х.			
Күні:	14.01.2026			
Сынып: 1 «а»	Қатысқандар саны: 15	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы:	№6 сабақ. Сокпақ. Дауысты және дауыссыз дыбыстар			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	1.1.1.1 мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсіну 1.2.1.2 оқу түрлерін (тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану			
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> • Мәтінмен жұмыс жасау, жаңа сөздің мағынасын түсіндіру; • Сөздердегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету; • Оқушыларды дыбыстық талдауға дағдыландыру; • Оқушылардың сөздік қорын, сауатты сөйлеуін және дыбыстарды дұрыс айтуын дамыту. 			
Құндылықтар: Қаңтар айы: Заң және тәртіп	Сабақ құндылығы: Заң және тәртіп Апта дәйексөзі: «Тәртіп – тәрбие бастауы»			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	<p>I. Психологиялық ахуал қалыптастыру Сәлеметсіңдер ме, балалар?! Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен, Теріп, теріп алайық, Қалтамызға салайық.</p>	Амандасады. Бір шумақ өлеңді хормен айтып, қимылдар арқылы денелерін жаттықтырады, зейіндерін сабаққа аударады.	Мақтап, мадақтап отыру Жарайсыңдар!	https://youtu.be/to38D1aDBdA
Өткенді пысықтау 5 минут	<p>II. Өткенді қайталау. Жұптық жұмыс. Берілген сөздерді буындарға бөліп оқып, топтастыр.</p>  <p>1 буынды сөздер: тас, ат, ақ, сақ, ор, ық. 2 буынды сөздер: таса, алас, сақа, орта, тары, тарақ. 3 буынды сөздер: аласа, туралы, ырысты, аққала, қаратау, ақсақал.</p>	Сөздерді буындарға бөліп топтастырады.	Жарайсыңдар! 	Суреттер

<p>Сабақ тың ортасы 20 минут</p>	<p>III Жаңа тақырып. Оқулықпен жұмыс</p> <p>1-жаттығу ауызша орындалады. «Соқпақ» әңгімесінің авторы – Жақсылық Кенжалиев 1955 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Мұғалім мәтінді дауыстап оқиды. Сосын оқушыларға тізбектей оқытады. Сұрақтарға жауап береді.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтін не туралы? 2. Бала не істеді? 3. Бала жүрген іздің басқаларға пайдасы тиді ме? <p>Мектеп, бала сөздеріндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды ата.</p>	<p>Білім алушылар сабақтың тақырыбымен, мақсатымен танысады.</p> <p>1-жаттығу ауызша орындалады. Оқушылар тізбектей, дауыстап оқиды. Сұрақтарға жауап береді. Мектеп, бала сөздеріндегі дауысты дауыссыз дыбыстарды атайды.</p>	<p>Жарайсыңдар!</p> 	<p>Оқулық</p>
<p>Топтық жұмыс 5 минут</p>	<p>IV. Ережемен жұмыс Дауысты дыбыстар: А, Ә, Е, О, Ө, Ұ, Ү, Ы, І, И, (У). Дауыссыз дыбыстар: Б, В, Г, Ғ, Д, Ж, З, Й, К, Қ, Л, М, Н, Ң, П, Р, С, Т, Ф, Х, Һ, Ц, Ч, Ш, Щ. Wordwall қосымшасы арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады.</p> <p>Топтық жұмыс. Екі топқа бөлініп, постер арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстарды табу.</p> <p>Дауысты дыбыстар</p> <p>Дауыссыз дыбыстар</p>	<p>Ережедегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды жаттайды.</p> <p>Екі топқа бөлініп дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады.</p>	<p>Жарайсыңдар!</p>  <p>Жарайсыңдар! Топты бағалау</p> 	<p>Оқулық</p> <p>Дауысты дыбыстар: а, ө, ө, о, ө, ұ, ү, ы, і, и, (у). Дауыссыз дыбыстар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, Һ, ц, ч, ш, щ.</p> <p>https://wordwall.net/ru/resource/68704135</p>
<p>Сергіту сәті 2 минут</p>	<p>V. Сергіту сәті Жаттығу Сағаттың тіліндей иіліп оңға бір, Сағаттың тіліндей иіліп солға бір. Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ, сол аяқ Жаттығу оңай-ақ, жаттығу оңай-ақ.</p> <p>VI. Дәптермен жұмыс Жеке жұмыс</p>	<p>Әнді барлық оқушы хормен айтады. Қимылдар арқылы денелерін жаттықтырады.</p> <p>2-жаттығу.</p>	<p>Жарайсыңдар!</p>	<p>Интерактивті панель Слайд</p>

<p>Сабақты қорыту 5 минут</p> <p>Кері байланыс 2 минут</p>	<p>2-жаттығу. Көру диктанты ретінде жазбаша орындайды. Жаңылтпашты көркем жазады.</p> <p></p> <p>Кері байланыс «Қыз бен ұл оқушы»</p> <p></p>	<p>Жаңылтпашты көркем жазады.</p> <p>Білім алушылар сабақ бойынша рефлексия жасайды</p>		<p>Жұмыс дәптері</p> <p>Кері байланыс Слайд «Қыз бен ұл оқушы»</p>
--	---	---	--	--